

«City Transportation Systems» ЖШС
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша талдамалық анықтама

Астана қ.

13.07.2023 жыл

«City Transportation Systems» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Басқарма төрағасының 2023 жылғы 23 мамырдағы № 03-2/64/1 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2022 жылғы 15 тамыздан 2023 жылғы 30 мамырға дейін.

Қағидалардың 8-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Қоғамның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Қоғамның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының келесі негізгі нормативтік құқықтық актілерін: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Серіктестік Жарғысын, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарын (қағидаларды, нұсқаулықтарды, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және т.б.) басшылыққа алады.

Талдау барысында Жарғы мен Серіктестіктің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар зерделенді, талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталмады.

2. Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Қағидалардың 13-тармағына сәйкес, талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауға бейім лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер ұғынылады.

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауға бейім лауазымдарды айқындау

1) Қоғам жұмыскерлерін іріктеу және жалдау рәсімі Серіктестік Басқармасының 2021 жылғы 7 шілдедегі № 03-1/24 шешімімен бекітілген «City Transportation Systems» ЖШС бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді конкурстық іріктеу және персоналды бейімдеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбек қатынастарын ресімдеу және тоқтату мәселелері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

2023 жылғы мамырдағы жағдай бойынша Серіктестіктің штат саны 274 бірлікті, нақты саны – 259 бірлікті құрайды, оның ішінде ӘБП – 72 және ИТЖ (ӨП)* – 187.

Жұмыс өтілі бар жұмыскерлердің пайызы:

3 жылға дейін – 129 адам (50 %);

3 жылдан 6 жылға дейін – 62 адам (24 %);

6 жыл және одан жоғары – 68 адам (26 %).

259 жұмыскердің 51%-ы (133 бірлік) ерлер және 49%-ы (126 бірлік) әйелдер, 86%-ы (224 адам) жоғары білімі бар, оның ішінде 22 жұмыскерде екінші жоғары білімі бар, 24 жұмыскер магистр дәрежесіне ие.

2022 жылғы 15 тамыздан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейін 79 жұмыскермен еңбек шарттары бұзылды, оның ішінде жұмыскердің бастамасы бойынша – 75, тараптардың келісімі бойынша – 0, еңбек шарты мерзімінің аяқталуы – 4.

Қағидаларға сәйкес, бос лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландырулар біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеуді өткізу мерзімдері туралы ақпарат көрсетіле отырып, Серіктестіктің корпоративтік сайтында уақтылы орналастырылған.

Талданып отырған кезеңде 73 бос лауазымға орналасуға 62 конкурстық комиссия өткізілді, оның ішінде 3 конкурстық комиссия қайта өтті (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі менеджер бос лауазымы), 1 конкурс үміткерлердің жалақысы бойынша күтулердің сәйкес келмеуі себебінен өткізілмеді. 95 үміткер қаралды, оның ішінде 68 үміткер қабылданды, 10 үміткерге бас тартылды, 8 үміткер сыртқы кадр резервіне, 3 жұмыскер ішкі кадр резервіне кірді. Серіктестік бос жұмыс орындарының бар-жоғы туралы

мәліметтерді Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің талаптарына сәйкес олар пайда болған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде орналастырады.

Жұмыскерлерді лауазымға жоғарылату, Серіктестікте конкурстық іріктеу өткізбей өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері анықталған жоқ.

Әкімшілік және қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін анықтау мақсатында Серіктестіктің Кадрлық жұмыс қызметі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің органдарымен тұрақты негізде мониторинг және салыстыру жүргізеді.

2) Тәртіптік теріс қылық жасаған Серіктестік жұмыскерлеріне тәртіптік жаза шараларын қолдану тәртібі Серіктестік Басқармасының 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 21 шешімімен бекітілген Серіктестіктің тәртіптік комиссиясы туралы ережемен реттеледі.

Талданатын кезеңде заңнаманы бұзған немесе оған жол берген, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзған немесе шектеген адамдарға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау анықталмады.

Алайда, мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жазалардың үлкен үлесі бар. Талданып отырған кезеңде Серіктестіктің 5 жұмыскері тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның 3-інен мерзімінен бұрын алынды.

3) Серіктестік жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Жалғыз қатысушының 31.01.2018 жылғы №5/18 шешімімен бекітілген Серіктестік жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесі туралы ереженің (бұдан әрі – Төлем туралы ереже) негізінде реттеледі.

Талдау объектісінің жұмыскерлеріне жалақы мен үстемеақылар туралы ақпараттың жабылу фактілері анықталған жоқ.

Жаңадан қабылданған жұмыскер еңбек шартына қол қою кезінде белгіленген штат кестесіне сәйкес жалақысы және өзге де төлемдер туралы хабардар етіледі. Алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде жұмыскерлерді көтермелеу анықталмады.

Белгілі бір лауазымға іріктеу және кейіннен тағайындау кезінде ізденушінің бос лауазымға көрсеткіштерін (тест тапсырмаларының жауаптарын) асыруға немесе төмендетуге мүмкіндік беретін дискрециялық өкілеттіктермен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

Серіктестіктің бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді конкурстық іріктеу және персоналын бейімдеу қағидаларына ізденушілермен әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау бөлігінде толықтырулар енгізілсін.

Жұмыс берушінің дискрециялық өкілеттіктерімен байланысты **шартты сыбайлас жемқорлық тәуекелі** орын алады.

Тәуекелдерді болдырмау бойынша ұсыныстар:

Көтермелеу туралы шешім қабылдаған кезде тәртіптік жазасын алып тастауға ұсынылған Серіктестік жұмыскерінің жұмыс нәтижелерін алдын ала талдау қажет. Объективті критерийлердің бірі оның өз міндеттерін сапалы

орындауын бағалау, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тартылған бұзушылықтарды жою болуы тиіс.

Уәкілеттік берілген лауазымды адамның жеке пікірі негізінде жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастаумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алады. Тәуекелдің бұл түрі болашақта бұзушылықтардың қайталану ықтималдығын арттырып, сонымен бірге жұмыскердің жауапкершілік деңгейін төмендетуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешім қабылдаған кезде Серіктестіктің өндірістік процесіне енгізілген ерекше үлесі бойынша жұмыскерді бағалау критерийлерін қолдану қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және өзге де белгіленген нормативтерді бұзумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері шартты түрде орын алады, өйткені Серіктестік жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында, сондай-ақ жекелеген қолданыстағы ішкі НҚА-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті бекітетін нормалар жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік белгілейтін ережелердің болмауы нормалардың декларативтілігіне әкеледі.

Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар:

1. Ішкі нормативтік құжаттарға, оның ішінде лауазымдық нұсқаулықтарға және жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы еңбек шарттарына тексеру жүргізу.

2. Жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес келтіру және толықтырулар енгізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауға бейім лауазымдардың тізбесі қоса беріледі (1-қосымша).

2. Мүдделер қақтығысын реттеу желісі бойынша:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Серіктестік Басқармасының 2022 жылғы 27 маусымдағы № 03-1/20 шешімімен бекітілген Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты талданды.

Талдау жүргізу барысында Серіктестікте тікелей немесе функционалдық бағыныстағы жақын туыстардың жұмыс істеу фактілері анықталған жоқ.

Талданып отырған кезеңде Серіктестікте мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу бойынша ұсынымдар:

- Кадрлық жұмыс қызметі комплаенс офицермен бірлесіп, жаңадан қабылданатын жұмыскерлермен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ 14-бабын, ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ ЖШС жұмыскерлері қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді

бұзушылықтарға мүдделер қақтығысына қатысты нормаларды сақтау бөлігінде жол бермеу туралы тұрақты негізде мониторинг және түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

- Кадрлық жұмыс қызметінің басшысы жұмысқа қабылдау және кадрларды одан әрі ротациялау кезінде мүдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеу бойынша жауапты болып бекітілсін (ЖШС-ның тиісті бұйрығы).

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету желісі бойынша:

Серіктестік мемлекеттік қызметтерді көрсетпейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру желісі бойынша:

Серіктестік рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

5. Бақылау-тексеру функциялары желісі бойынша:

Серіктестіктегі бақылау функцияларын Жалғыз қатысушы – «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ шешіміне сәйкес «City Transportation Systems» ЖШС-ның 2015 жылы құрылған құрылымдық бөлімшесі – «Көлік бақылау департаменті» (бұдан әрі – Департамент) жүзеге асырады.

Департаменттің негізгі мақсаты: Астана қаласының тасымалдаушылары ұсынатын көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру болып табылады.

Департамент келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- жолаушылардың жол ақысын сақтауына мониторинг жүргізу;
- ҚК саласындағы заңнаманың бұзушылықтарын анықтау мониторингі;
- азаматтардың ҚК жұмысына қатысты өтініштерін қарау және оны талдау;
- «Astana bike» автоматтандырылған велопрокат жүйесінің жобасын іске асыру және дамыту шеңберінде веложабдықтардың жұмысына мониторинг жүргізу.

2018 жылғы «01» тамыздағы Жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру жүйесін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсету шарттарына (бұдан әрі – ЖТЭЖ шарты) сәйкес, желідегі бұзушылықтарды мониторингілеу шеңберінде Департамент жұмыскерлері 2022 жылғы мамырдан 2023 жылғы мамырға дейін Автопарктер жұмыскерлерінің 1 621 бұзушылығын тіркеді, олар ЖТЭЖ шартының талаптарына сәйкес Автопарктерге жалпы 16 417 563 теңге тұрақсыздық айыбы сомасына және жалпы 22 720 484 теңгеге сомасына айналым жоспарын (әрбір айналым) орындамаудың 28 269 актісі қарау үшін жолданды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу желісі бойынша.

Серіктестік Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар)

сәйкес 2022 жылға жоспарланған 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспарының (бұдан әрі – Даму жоспары) орындалуы жөнінде есеп әзірледі.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер

мың теңге

№	Көрсеткіш атауы	Жоспар	Факт	Ауытқу	Ескерту
1.	Кірістер, оның ішінде	7 560 573	9 706 693	2 146 120	Жалпы көрсеткіштің ұлғаюы кіріс түрлері бөлінісінде төменде көрсетілген себептерге байланысты:
1.1.	Өнімді өткізуден түскен кіріс, оның ішінде:	4 058 112	5 351 175	1 293 063	
1.1.1.	- жол жүру билеттерін / карталарды өткізуден	60 982	130 374	69 392	Өсім мектеп карталары құнының 1000 теңгеге дейін және жалпы карталар құнының 2000 теңгеге дейін өзгеруімен байланысты. Бұдан бөлек, өткізілген дербестендірілген карталар саны 20%-ға ұлғайды, бұл турникеттер үшін карталарды пайдалану, сондай-ақ астана оқушыларының тамақтануы үшін ақы төлеу жөніндегі функциялармен толықтыра отырып, порталдың интеграциялық жұмысына байланысты. Есепті кезеңде 162 138 бірлік жол жүру карталары мен билеттер сатылды, жоспар бойынша – 136 000 бірлік.
1.1.2.	- ЖТЭЖ бойынша диспетчерлендіру мен тұрақты емес бағдарлардан	1 265 812	1 326 278	60 466	Бұл көрсеткіштің жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда 5%-ға нақты өсуі байқалады
1.1.3.	- көлік мамандарын оқытудан	8 260	11 093	2 833	Тыңдаушылардың нақты саны жоспарлы көрсеткішке сәйкес 34%-ға өсті (факт – 939 бірлік, жоспар – 700 бірлік), бұл кірістің өсуіне әсер етті
1.1.4.	Серіктестікке берілген паркингтерден	123 469	129 196	5 727	Есепті кезеңде Серіктестіктің теңгеріміне жаңа паркингтерді қабылдауға байланысты 3 894 бірлік (жоспар 3 811 бірлік болған кезде) жалға берілді, бұл жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда табыстың өсуіне әсер етті
1.1.5.	- көлік құралдарын жалға беруден (СД)	2 599 590	3 754 234	1 154 644	Жоспарлы көрсеткіштің 44,4%-ға артуы Астана қаласы әкімдігінің «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ алдындағы қаржылық лизинг шарты бойынша Серіктестіктің 100 бірлік электробус үшін лизингтік төлемдерін өтеуі қаржыландыру тетігін өзгертуіне және сәйкесінше «№1 автобус паркі» АҚ-мен 01.11.22 жылғы №3 қосымша келісім жасасу жолымен 01.10.20 ж. №1 бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт талаптарын өзгертуіне байланысты, онда жобадан алынған табысты бөлу тәртібі айқындалған (ұстап қалу % тасымалдаушы алатын субсидиялар есебінен ұлғайтылған)
1.2.	Ағымдағы шоттардағы қалдықтар бойынша сыйақы түріндегі кірістер	65 666	76 139	10 473	Табысты есептеу есепті кезеңдері ЕДБ ағымдағы шоттарындағы қолда бар ақша қалдығы бойынша жүргізілді
1.3.	Салымдар бойынша сыйақылар түріндегі кірістер	134 766	236 186	101 420	ЖШС Баскармнына 20.04.2022 ж. №03-1/14 хаттамасы негізінде «Overnight» депозиттік шотында ЕДБ-де уақытша бос қаражатты орналастырудан сыйақы түрінде табыс алды.
1.4.	Лизинг бойынша сыйақы түріндегі кірістер	1 442 295	1 552 240	109 945	Табыс сомасы тасымалдаушылармен ҚЛШ-ға бекітілген кестеге сәйкес анықталады
1.5.	Операциялық жалдаудан түскен кірістер	6 818	5 944	-874	Нақты көрсеткіштің төмендеуі 2022 жылдың қыркүйегінен бастап үй-жайды жалдау шартының бұзылуына байланысты, бұл үй-жайды өз қажеттіліктеріне пайдалануға байланысты (ОК, ДҚО жұмыскерлерінің штатын орналастыру)
1.6.	Басқа да кірістер, оның ішінде:	1 852 916	2 485 009	632 093	Бұл көрсеткіштің ұлғаюы кіріс түрлері бөлінісінде төменде көрсетілген себептерге байланысты:
	- кабельдік орындарды пайдалануға беру	135	135	0	Өзгерістерсіз
	жарнама	16 947	43 990	27 043	Жоспарлы көрсеткіштің ұлғаюы жасалған шарттарға қосымша келісімдер шеңберінде жұмыс көлемінің өсуімен байланысты
	Astana Bike жобасын іске асыру	217 830	245 210	27 380	13%-ға өсу пайдаланушылардың автоматтандырылған велопрокат жүйесі мен

					абоненттерді сатудың нақты сұранысына байланысты
	азаматтардың жеңілдікті санатын тасымалдағаны үшін тасымалдаушылардың шығыстарын өтеу жөніндегі транзиттік кірістер	1 202 568	1 338 145	135 577	Қаланың 2022 жылға арналған бекітілген бюджетіне сәйкес 008 «Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түріндегі азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша
	дебиторлық берешекті ішінара өтеу (Проблемалық кредиттер қоры АҚ)	257 122	116 417	-140 705	Аудиторлық компанияның ұсынымдарына сәйкес 13.08.2019 жылғы №421 бас тарту төлемін беру туралы шарт бойынша дебиторлық берешекті өтеу шеңберінде түскен қаражат бойынша қаржылық есептіліктің кіріс бөлігін түзету жүзеге асырылды, осыған байланысты жоспардан кему жағына қарай ауытқу алынды
	мүлікті сату, сондай-ақ тұрақсыздық айыбы	136 962	0	-136 962	Есепті кезеңде активтердің шығуы нәтижесінде пайда болған шығыстар 147 714 мың теңгені, кірістер – 133 391 мың теңгені құрады. Аудиторлық есепке сәйкес активтерді шығарудан түскен кірістер мен шығыстар арасындағы айырмашылық сомасы 14 430 мың теңге мөлшерінде алынды және 2022 жылғы қаржылық есептіліктің шығыс бөлігінде көрсетілген.
	сақтандыру төлемдері	20 000	21 120	1 120	Табыс сақтандыру төлемдерін нақты есептеу негізінде қалыптасады
	валюта айырбастау кезіндегі кіріс		34 214	34 214	Жоспарда болжанбаған нақты алынған табыс
	ЖТЭЖ шарттары шеңберіндегі тұрақсыздық айыбы		33 274	33 274	Жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру жүйесін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсету жөніндегі шарттар шеңберінде көзделген тасымалдаушылардың жыл ішінде бұзушылықтар фактілерін айқындау мүмкін еместігіне байланысты жоспарланбаған нақты алынған табыс
	карталарды толтырудан түскен кіріс		501 741	501 741	Жоспарда болжанбаған мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша заңды тұлғалар сатып алған карталарды толықтырудан нақты алынған табыс. Бұл қаражат транзиттік болып табылады және одан әрі тасымалдаушыларға аударылады
	басқа кірістер		150 763	150 763	Қаржылық лизинг шарттары мен операциялық қызмет жөніндегі шарттар шеңберінде залалды, тұрақсыздық айыбын есептеуден нақты алынған кірістер
2.	Шығыстар, оның ішінде	21 473 376	28 109 115	6 635 739	Жалпы көрсеткіштің өзгеруі шығыстардың түрлері бөлінісінде төменде көрсетілген себептерге байланысты:
2.1.	Сатылған өнімнің өзіндік құны	4 002 368	5 809 841	1 807 473	Бұл көрсеткіштің ұлғаюына шығыстардың өзгеруі әсер етті: НҚ және МЕА амортизациясы бойынша, азаматтардың жеңілдікті санаттарын тасымалдағаны үшін тасымалдаушыларға өтемақы сомаларын аудару бойынша шығыстар, сондай-ақ жоспарланбаған карталарды толықтырудан түскен шығыстар көрсетілген. Толығырақ түсініктеме төменде «Өзіндік құн» бөлімінде берілген.
2.2.	Әкімшілік шығыстар	1 308 983	1 121 529	-187 454	Бұл көрсеткіштің қысқаруына негізінен: АТҚ бойынша нақты қалыптасқан шығыстар және ЕТҚ бойынша тиісті салықтар мен аударымдарға байланысты шығыстар; жеткізушілерден қызметтер/жұмыстар үшін шығыстардың бір бөлігін оңтайландыру әсер етті. Толығырақ түсініктеме төменде «Әкімшілік шығыстар» бөлімінде берілген
2.3.	Сыйақылар бойынша шығыстар	5 816 397	4 367 912	-1 448 485	Көрсеткіштің өзгеруіне төленуге жататын міндеттемелер бойынша шетел валютасы бағамының өзгеруі әсер етті, төменде «Сыйақылар бойынша шығыстар» бөлімінде толығырақ түсініктеме берілген
2.4.	Басқа операциялық шығыстар	10 345 628	16 809 833	6 464 205	Көрсеткіштің өсуіне 16 309 361 мың теңге мөлшеріндегі бағамдық айырма бойынша шығыстар әсер етті, жоспар бойынша 7 200 771 мың теңге. Төменде «Басқа шығыстар» бөлімінде толығырақ түсініктеме берілген.
3.	Салық салуға дейінгі таза пайда/шығын	-13 912 803	-18 402 422	-4 489 619	Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесінде 2022 жылғы аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес залал алынды.

					<p>Теріс қаржылық нәтижеге бағамдық айырмашылық бойынша шығыстардың мәні әсер етті. «BDO Qazaqstan» ЖШС аудиторларының ұсынымдарына сәйкес Серіктестік Астана қаласында ЖРК құрылысының қайта басталуына байланысты өткен жылдары ЕРС-келісімшарт бойынша берілген аванс (ұзақ мерзімді актив үшін берілген аванс) бойынша бағамдық айырманы есептеуді жойды. Берілген аванс бойынша бағамдық айырмашылықты есептеу қаржыландырудың белгісіздігіне және ЖРТ құрылысын жалғастыруға байланысты жүзеге асырылды. Мердігерден берілген авансты ақшалай қаражатпен қайтару күтілді.</p> <p>Сонымен қатар, операциялық қызмет бойынша: кіріс көрсеткіші жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда ұлғайды, сондай-ақ жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда әкімшілік шығыстар мен сыйақылар бойынша шығыстар айтарлықтай төмендеді.</p>
--	--	--	--	--	---

Әкімшілік шығыстар

МЫҢ ТЕҢГЕ

№	Әкімшілік шығыстар, оның ішінде:	Жоспар	Факт	Ауытқу	Ескерту
		1 308 983	1 121 529	- 187 454	
1	Қорлар	10 816	9 361	- 1 455	Жасалған шарттар шеңберінде Серіктестіктің басқару қажеттіліктері үшін ТМҚ бойынша нақты шығындарға сәйкес
2	Жұмыскерлерің еңбегіне ақы төлеу	738 243	628 674	- 109 569	Шығыстардың өзгеруі: ұйымдық құрылымның және штат кестесінің өзгеруіне байланысты; есепті кезеңнің бірінші жартыжылдығында 2 жалақы мөлшерінде КРІ төлемдері жоспарланды. Алайда, ақша тапшылығына байланысты Серіктестік осындай көлемдегі КРІ бойынша нақты төлемдерді жүзеге асырған жоқ.
3	НҚ мен МЕА амортизациясы	34 796	34 851	55	Серіктестікте қабылданған есеп саясатына сәйкес нақты есептелген амортизация
4	Салықтар мен әлеуметтік аударымдар, оның ішінде	273 528	244 021	- 29 507	Көрсеткіштің ауытқуына ЕТҚ бойынша нақты қалыптасқан шығыстар және салық заңнамасы мен әлеуметтік сақтандыру органдары бойынша белгіленген мөлшерлемелер әсер етті
5	Бюджетке басқа да міндетті төлемдер	20 354	17 022	- 3 332	Бас тарту келесі сот іс-шараларын жүргізуге 16 260 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік баж бойынша көзделген шығыстарға байланысты: - негізгі құралдарды түгендеу қорытындылары бойынша анықталған жетіспеушіліктер сомасын өндіріп алу үшін; - басқа дебиторлық берешек бойынша соманы өндіріп алу үшін; - көлік құралдарын жалға алу бойынша автобус парктерінен борыш өндіріп алу үшін. Алайда, бұл іс-шаралар 2022 жыл ішінде іс жүзінде жүргізілмеген. Сонымен қатар, есепті кезеңде Астана қаласы әкімдігінің ішкі аудит қызметінің жоспарланбаған нұсқамасын орындау шеңберінде 2021 жылы «Astanabike» жобасы бойынша 15 742 мың теңге сомасында негізсіз пайдаланылған бюджет қаражаты жергілікті бюджетке қайтарылды.
6	Өнім берушілерге төлем, оның ішінде	210 538	181 895	- 28 643	Көрсеткіштің жоспарланғаннан ауытқуы төмендегі көрсеткіштердің қызмет/жұмыс шығындарының бір бөлігінің төмендеуіне әсер етті. Сонымен қатар, шығыстарды оңтайландыруға байланысты есепті кезеңде СКУД қызметтерін сатып алу жүргізілген жоқ
	<i>үй-жайды жалдау</i>	<i>46 204</i>	<i>44 200</i>	<i>- 2 004</i>	Іс жүзінде жасалған шарттарға және басқа кеңсеге көшуге сәйкес (әкімшілік персонал алатын алаң қысқартылды және жалдау ақысы төмендетілді)
	<i>аудит</i>	<i>65 000</i>	<i>65 000</i>	<i>0</i>	Жасалған шартқа сәйкес

	<i>НҚ мен МЕА жөндеу және қызмет көрсету</i>	22 337	14 925	- 7 412	Іс жүзінде жасалған шарттарға сәйкес
	<i>байланыс</i>	13 490	9 703	- 3 787	Іс жүзінде қалыптасқан шығыстарға сәйкес
	<i>банктік қызметтер</i>	6 052	3 153	- 2 899	Іс жүзінде қалыптасқан шығыстарға сәйкес
7	Басқа шығыстар	20 708	5 705	- 15 003	Көрсеткіштің төмендеуіне негізінен жоспардағы 15 919 мың теңгеден 3 493 мың теңге көлемінде нақты жүргізілген іссапарлар шығыстары, сондай-ақ нотариалдық қызметтерге жұмсалған шығыстар әсер етті, жоспар - 2 288 мың теңге, факт 88 мың теңгені құрады

Өзіндік күн

МЫҢ ТЕҢГЕ

№	Өзіндік күн бойынша шығыстар, оның ішінде:	Жоспар	Факт	Ауытқу	Ескерту
		4 002 368	5 809 841	1 807 473	
1	Қорлар	85 906	75 994	- 9 912	Жасалған шарттар шеңберінде Серіктестіктің өндірістік мұқтаждықтары үшін тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу жөніндегі нақты шығындарға сәйкес
2	Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу	744 775	480 734	- 264 041	Қаржылық есептілікке сәйкес, осы шығындардың өндірістік шығындарға жанама қатынасына байланысты ЕТҚ бойынша шығыстардың бір бөлігі өзіндік күннен басқа шығыстарға. Сонымен қатар, есепті кезеңнің бірінші жартыжылдығында 2 жалақы мөлшерінде КРІ төлемдері жоспарланды. Алайда, Серіктестік ақша тапшылығына байланысты осындай көлемдегі КРІ бойынша нақты төлемдерді жүзеге асырған жоқ.
3	Өнім берушілер мен мердігерлерден алынған жұмыстар (көрсетілетін қызметтер), оның ішінде	812 581	768 456	- 44 125	Көрсеткіштің жоспарлыдан ауытқуы көбінесе қызмет көрсету процесіне тікелей қатысты шығындардың нақты төмендеуімен байланысты. Сонымен қатар, есепті кезеңде НҚ-ға қызмет көрсетуге жұмсалатын нақты шығыстар жоспарда 25 861 мың тг болған кезінде 5 213 мың тг мөлшерінде қалыптасты, бұл жалпы көрсеткіштің төмендеуіне де әсер етті.
	<i>Astana bike жүйесін сүйемелдеу жөніндегі қызметтер</i>		179 542	179 542	Жоспарда бұл шығыстар «Басқа шығыстар» қосымшасында көрсетілген. Аудиторлардың ұсынымдарына сәйкес қаржылық есептілікте бұл шығыстар «Өткізілген қызметтердің өзіндік құнына» ауыстырылды
	<i>Бағдарламалық-аппараттық кешенді әкімшілендіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер</i>	310 232	250 113	- 60 119	Нақты шығыстардың төмендеуі мемлекеттік сатып алу қорытындыларымен, сондай-ақ орындалған жұмыстар актілері бойынша жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда жұмыстардың тиісті көлемін қабылдаумен байланысты
	<i>Төлемдерді қабылдау және аудару қызметтері</i>	200 893	146 943	- 53 950	
3	Салықтар және әлеуметтік аударымдар	80 767	48 935	- 31 832	Көрсеткіштің ауытқуына салық заңнамасы мен әлеуметтік сақтандыру органдары бойынша белгіленген мөлшерлемелер және ЕТҚ бойынша нақты қалыптасқан шығыстар әсер етті
4	Басқа шығыстар, оның ішінде:	2 278 339	4 435 722	2 157 383	Ұлғайту бағытындағы ауытқу негізінен НҚ және МЕА амортизациясы бойынша шығыстардың көрсетілуіне байланысты
	<i>НҚ және МЕА амортизациясы</i>	1 074 288	2 614 025	1 539 737	<i>Автобустар бойынша амортизация мөлшері</i> 1 519 944 мың теңге қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде іске асырылған қызметтердің өзіндік құнына жатқызылды, алайда даму жоспарында «Өзге шығыстар» қосымшасында көрсетілген
	<i>азаматтардың жеңілдікті санатын тасымалдағаны үшін тасымалдаушыларға</i>	1 202 568	1 338 145	135 577	Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасынан түскен қаражаттан қаланың 2022 жылға арналған бекітілген бюджетіне сәйкес

	<i>өтем сомаларын аудару жөніндегі шығыстар</i>				<i>халықтың жеңілдетілген санатын тасымалдағаны үшін тасымалдаушыларға транзиттік қаражатты аудару жөніндегі шығыстар</i>
	<i>карталарды толтыру</i>		483 293	483 293	<i>Мемлекеттік сатып алу шарттары шеңберінде заңды тұлғаларға көлік карталарын толықтыру жөніндегі қызметтер үшін есептелген шығыстар.</i>

Сыйақы бойынша шығыстар

МҰҚ ТЕҢГЕ

№	Сыйақы бойынша шығыстар, оның ішінде:	Жоспар	Факт	Ауытқу	Ескерту
